

"Білім беру ұйымдарын бітірушілер қатарынан жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды жұмысқа орналастыру және баспанамен қамсыздандыру туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2001 жылғы 8 тамыздағы N А-3/12 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2006 жылғы 20 қаңтардағы N А-1/40 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 1 ақпанда N 3177 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 10 қарашадағы № А-12/485 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009.11.10 № А-12/485 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"» Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1."Білім беру ұйымдарын бітірушілер қатарынан жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды жұмысқа орналастыру және баспанамен қамсыздандыру туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2001 жылғы 8 тамыздағы N А-3/12 қаулысына мына өзгерістер енгізілсін:

3 - т а р м а қ т а :

"Облыстық білім басқармасы облыстық тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасымен бірлесе" деген сөз "Білім департаменті Ақмола облысы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаментімен бірлесе" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ жаңа мазмұнда берілсін:

"Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке** жүктелсін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке** жүктелсін.

Облыс әкімінің м.а.